

## Заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 9 маусым 1994 ж. N 1723. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Мемлекеттік өкімет және басқару органдары республика аумағында заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі қолданып отырған шаралардың пәрменділігінің төмендігі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру және азаматтардың конституциялық құқығын қорғауда елеулі кедергілер туғызып отыр.

Ұйымдасқан қылмыс нысандарының, лауазымды адамдар тарапынан жемқорлықтың, ұрлықтың, қиянат жасаушылықтың өсе түсуі айрықша қауіпті болып табылады. Атыс қаруын пайдаланып қылмыс жасау барған сайын етек алып келеді. Құқық қорғау органдарының жұмысын ұйымдастыруда да елеулі кемшіліктер бар.

Заңдылықты, құқық тәртібі мен тәртіпті одан әрі нығайту, азаматтардың жеке басының және мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1 . < \* >

*Ескерту. 1-ші тармақ күшін жойған - ҚР Президентінің 1995.03.17. N 2127 қаулысымен.*

### 2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрес және құқық тәртібін нығайту жөніндегі кезек күттірмейтін шаралардың 1993-1995 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысын қарап, жүргізіліп жатқан жұмысты жандандыру жөнінде шаралар қолдансын.

1994 жылғы 1 тамызға дейінгі мерзімде аталған бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар табыс ететін болсын;

- маскүнемдікке, алкоголизмге, нашақорлыққа және есірткі-құмарлыққа қарсы күрес жөнінде үкімет бағдарламасын әзірлеп, 1994 жылғы 1 қыркүйекке дейін бекітетін болсын;

- прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, әділет, кеден және салық органдарының материалдық және техникалық жарақтандырылуын нығайту мақсатында ұйымдасқан қылмысқа, жемқорлық пен контрабандаға қарсы күреске жәрдемдесу жөніндегі мамандандырылған республикалық бюджеттен тыс қор құру тәртібін қайта қарасын.

Сот шешімімен алынған және тәркіленген көлік пен техника құралдарын құқық қорғау органдарына берудің, сондай-ақ қылмыстан шеккен залал үшін өндіріп алынған соманың бір бөлігін аударудың пәрменді тетігін әзірлесін.

3 . < \* >  
4 . < \* >

*Ескерту. 3 және 4-тармақтардың күші жойылған - ҚР Президентінің 1995.03.17. N 2127 қаулысымен.*

5. Меншік нысанына қарамастан республика кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің басшылары еңбек ұжымдары мүшелерін құқық бұзуға, ақша қаражаты мен тауар-материалдық құндылықтарға қылмысты қол сұғуға итермелейтін себептер мен шарттарды жою жөніндегі құқық қорғау органдарының ұсыныстары мен нұсқамаларын тез арада қарап, шаралар қолдануға міндеттелсін.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы талаптың бұзылуы үшін басшылардың жауапкершілігін арттыруды көздейтін заң жобасын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына енгізсін.

6 , 7 , 8 , 9 , 10 , 11 < \* >

*Ескерту. 6,7,8,9,10,11-ші тармақтардың күші жойылған - ҚР Президентінің 1995.03.17. N 2127 қаулысымен.*

12. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Білім министрлігі, Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының өкімдері 1994 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде ойын-сауық және спорт ғимараттарының, мектептен тыс мекемелерді пайдаланудың заңдылығы мен негізділігін тексеретін болсын. Оларды жөнсіз пайдаланудың барлық фактілері бойынша тиісті шаралар қолданылсын.

1 3 < \* >

*Ескерту. 13-тармақтың күші жойылған - ҚР Президентінің 1995. 03.17. N 2127 қаулысымен.*

14. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік басқару органдары лауазымды адамдарының тәртіп, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік жағдайына жауапкершілігін арттыру туралы" 1992 жылғы 4 желтоқсандағы N 1004 қаулысы мен Қазақстан Республикасы Президентінің "Қылмысқа қарсы күресті күшейту туралы" 1994 жылғы 11 ақпандағы N 1562 қаулысының күші жойылған деп саналсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК